

**"Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын бекіту туралы"
Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 ақпандағы № 149 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 128 шешімі. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 16 мамырдағы № 284 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 16.05.2025 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын бекіту туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 ақпандағы № 149 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4624 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы орысша мәтінінде өзгермейді, мемлекеттік тілінде жаңа мәтінде жазылсын:

"Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу қағидаларын бекіту туралы".

Көрсетілген шешіммен бекітілген Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу қағидалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысу үшін көше тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы

Ә. Қошалақов

Қармақшы аудандық мәслихатының
2021 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 128 шешіміне 1-қосымша
Қармақшы аудандық мәслихатының
2014 жылғы 17 ақпандағы
№ 149 шешімімен бекітілген

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу қағидалары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, " Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 707 қаулысына сәйкес әзірленді және ауыл, кент, ауылдық округ, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін кенттің, ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын кенттің, ауылдық округтің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы кент және ауылдық округ әкімі бұқаралық ақпарат құралдарына немесе мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ кент және ауылдық округ әкімі аппаратының ақпараттық қабырғаларына және баршаға көрінетін жерлерге орналастыру арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұр шегінде жергілікті қоғамдастық бөлек жиынын өткізуді кент және ауылдық округ әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, шағын ауданның, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, шағын ауданда, көшеде, көппәтерлі үйде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын кент, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Кент, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол тиісті кент және ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Қармакшы аудандық мәслихатының
2021 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 128 шешіміне 2-қосымша
Қармакшы аудандық мәслихатының
2014 жылғы 30 маусымдағы
№ 180 шешімімен бекітілген

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысу үшін көше тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

p/c	Кент, ауылдық округ атауы	Көшелердің саны	Жергілікті қоғамдастық жиынына әр көшеден қатысатын азаматтар саны	Жалпы қатысатын азаматтар саны
1	Жосалы кенті	136	1	136
2	Төретам кенті	33	2	66
3	Ақай а/о	37	1	37
4	Жосалы а/о	4	3	12
5	Иіркөл а/о	8	2	16
6	Жаңажол а/о	9	3	27
7	III Интернационал а/о	11	3	33
8	Ақтөбе а/о	8	3	24
9	Ақжар а/о	19	2	38
10	Дауылкөл а/о	9	3	27
11	Алдашбай Ахун а/о	8	2	16

12	Қуандария а/о	13	2	26
13	Көмекбаев а/о	11	2	22
14	Қармақшы а/о	16	2	32
	Барлығы	322		512

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК